

Бәйтерек аудандық білім бөлімі ММ

«Гульнафис» ЖШС «Ақбота» жеке бөбекжайы

30.08.2023 жылғы
№1 педагогикалық кеңес


қаулысымен
жаралған
шешімдерді бекітуді:



«Ақбота» кіші жас тобына арналған 2023-2024оқу жылының перспективкалық жоспары

2023-2024 оқу жылы


Жоспардың құрылу кезеңі: **Қыркүйек айы 2023 жыл**



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Дене шынықтыру	Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, 2қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, 3шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, 4белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру Күтілетін нәтиже: Балалар әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, 2қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүре алады.
2	Сөйлеуді дамыту	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, ыдыс, жиһаз сияқты зат есімдермен байыту. Күтілетін нәтиже: Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айту арқылы, сөздерді қайталай отырып, балалардың сөздік қоры артады
3	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Суреттермен жұмыстанып, балардың байланыстырып сөйлеулерін арттыру. Күтілетін нәтиже: Көркем шығармалармен танысып, суреттер бойынша айта алады.
4	Сенсорика	Балаларға заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, тапсырмаларды орындауды, сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Балалардың қол моторикасын ойындар арқылы дамыту. Күтілетін нәтиже: Балаларда заттар мен құралдарды қолдану дағдылары қалыптасады.
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Айналаны қоршаған ортамен, күз мезгілінің кереметтерімен танысады. Күтілетін нәтиже: Айналаны қоршаған ортамен таныса отырып, балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтары артады.
6	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Балалар ойындар арқылы құрылыс материалдарымен, текшелермен құрылыстарды құрастыра алады
7	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Қарындаш ұстау дағдыларын дамыту. Дайын суреттерді бояуды үйрету. Күтілетін нәтиже: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылықтары оянады.
8	Мүсіндеу	Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Ермексазды созу, домалақтау, езу тәсілдерін үйрету Күтілетін нәтиже: Балаларда ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдері қалыптасады.
9	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Ойыншықтарды, жапырақтарды желімсіз жапсыруды үйрету. Күтілетін нәтиже: Балалар ойыншықтарды, жапырақтарды желімсіз жапсыра алады.
10	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза

	айту, сөздерді анық айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларды музыкалық сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, шығарманың неше бөлімнен тұратынын ажыратады, ре (ми) — ля (си) диапазонында әнді таза, сөздерін анық айтады, музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындап, шеңбер бойымен және шашырап жүруді біледі, сыбызғы аспабының дыбысын таниды.
--	--


Жоспардың құрылу кезеңі: **Қазан айы 2023 жыл**



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Дене шынықтыру	Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу Күтілетін нәтиже: Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындай алады.
2	Сөйлеуді дамыту	Еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын: көгөніс пен жеміс, зат есімдермен; қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), сын есімдермен байыту. Күтілетін нәтиже: Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айта алады. Балалардың сөздік қоры артады.
3	Көркем әдебиет	Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Күтілетін нәтиже: Сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажырата алады.
4	Сенсорика	Балаларға ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындаудасенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Күтілетін нәтиже: Балалардың тапсырмаларды орындауда сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділіктері артады.
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларға дәмі, сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратуды үйрету. Күтілетін нәтиже: Балалар дәмі, сыртқы белгілері бойынша көкөністер мен жемістерді ажыра алады.
6	Құрастыру.	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (үш қырлы призма), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Ұй, үйшік, құрылыстар құрастыру Күтілетін нәтиже: ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен, жазықтықтағы құрылысты құрастыра алады.
7	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Суреттер мен бояуларды таныстыру. Дайын суреттерді бояту. Күтілетін нәтиже: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылықтары артады.

8	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Ағаш, жапырақ мүсіндерімен таныстыру, мүсіндеу дағдыларын арттыру. Күтілетін нәтиже: Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптасып, сазбалшықты дұрыс қолданулары артады.
9	Жапсыру	Қағаз бетіне желімсіз жапсыруды үйрету арқылы. Күз құбылыстарын, ағаштың жапырақтарын, жаңбыр тамшыларын желімсіз жапсыруды үйрету. Күтілетін нәтиже: Күз құбылыстарын, ағаштың жапырақтарын, жаңбыр тамшыларын желімсіз жапсыра алады
10	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларды музыкалық металлофон аспабының дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай аспаптарының дыбысталуын ажыратады, қимылдарды өз бетінше бастап, аяқтайды, металлофон аспабының дыбысын танып біледі.


Жоспардың құрылу кезені: **Қараша айы 2023 жыл**



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Денешынықтыру	Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіру Күтілетін нәтиже: Балалардың бойындағы жүгіру дағдылары артады.
2	Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Балалардың сөздік қорын: көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту, қысқа сөйлемдермен неғұрлым күрделі сөйлемдерге ауыса біледі. Күтілетін нәтиже: Балалардың сөздік қорлары артады.
3	Көркем әдебиет	Балаларды ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді, кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоционалды қабылдауды, ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық таныту. Күтілетін нәтиже: ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдауды үйренеді.
4	Сенсорика	Балаларға өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру, заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Фигураларды ажырата алады, заттардың көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады.

5	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету. Жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру, дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білу, көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, сәбіз, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Суреттен жануарларды тауып, атайды, олардың сипаттық ерекшеліктерін атайды, көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша дұрыс атайды және ажыратады.
6	Құрастыру.	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау. Күтілетін нәтиже: құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады, қарапайым пазлдарды жинай алады, пішіні, түсі, көлемі, қолданысы бойынша заттарды топтастырады және таңдайды, құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажырата алады.
7	Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу. Сурет салу техникасын жетілдіру, түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру. Күтілетін нәтиже: дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелей алады, қағаздың қасиеттерін біледі, қарындашты дұрыс ұстай алады (үш саусақпен)
8	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі, сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие, жапсырудың қарапайым тәсілдерін меңгерген (бөліктерді бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады).
9	Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Күтілетін нәтиже: желімсіз жапсыру әдістерін үйренеді, қағазды қолданудың қарапайым әдістерін қолдану дағдылары қалыптасады.
10	Музыка	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларды музыкалық қоңырау аспабының дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап, әннің мазмұнын түсінеді, аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, әнді бірге бастап, бірге аяқтайды, би қимылдарын орындауда кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіреді, қоңырау аспабының дыбысын тыңдап, таниды.


Жоспардың құрылу кезені: **Желтоқсан айы 2023 жыл**



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Дене шынықтыру	Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Күтілетін нәтиже: Балалардың ойынға қызығушылығын артып, негізгі қимылдарды (лақтыру, домалату) жетіледі.
2	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын: киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың қарқынын, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым- өатынас жасауды дамыту. Қарапайым (кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоционалды қабылдауды , балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Адамның дене мүшелерін (қол, аяқ, бас), тұрмыстық және ойын әрекетін (қыдыру, тамақтану), әртүрлі өлшемді (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсінеді, зат есімдерді, есімдіктерді етістікпен байланыстыра алады, берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді.
3	Көркем әдебиет	Балаларға оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін шығарманы тыңдауды үйрету, таныс тақпақтарды қайталауды, ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету. Күтілетін нәтиже: мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауды, қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, кейіпкерлердің бейнелерін ойындарда қарапайым түрде бейнелей алады.
4	Сенсорика	Балаларға пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру Күтілетін нәтиже: ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады, түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі қасиеттері бойынша топтастырады.
5	Қоршаған ортамен	Балаларды табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау,

	таныстыру	оларды сипамау, өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Күтілетін нәтиже: табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерін біледі, аулаға ұшып келетін құстарды атайды және ажыратады. ауладағы ересектердің еңбегін түсінеді, табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды.
6	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру. Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру, Күтілетін нәтиже: тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды пайдалана отырып, олармен ойнайды.
7	Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды –эстетикалық қатынасын тәрбиелеу. Қыс мезгілін (қар, қырау, шырша) бейнелеу. Күтілетін нәтиже: түстерді ажыратады және дұрыс атайды, өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады.
8	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. техникалық дағдыларды қалыптастыру, заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу. Күтілетін нәтиже: бірдей және түрлі көлемді шарларды біріктіру жолдарымен заттарды мүсіндейді.
9	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға жапсыруға үйрету. Геометриялық пішіндерді, доптарды, шарларды, тағы басқа орналастыру. Күтілетін нәтиже: фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады, орындалған жұмысқа қуанады.
10	Музыка	Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларды музыкалық сылдырмақтың дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді соңына дейін тыңдап үйренеді, ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза, сөздерді анық айтады, музыкалық шығарманың сипатына сәйкес жұппен ырғақты қимылдар орындайды, сылдырмақтың дыбысын таниды.


Жоспардың құрылу кезеңі: **Қаңтар айы 2024 жыл**



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Балалар жалпы дамытушы жаттығуларды жасап, шаңғымен түрлі ойындар ойнай алады.
2	Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату Сөздік қорды қалыптастыру Балалардың сөздік қорын заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Күтілетін нәтиже: Балалар байланыстырып сөйлеп, кітаптардағы суреттерге қарап ондағы таныс заттарды атап, суреттерден заттарды тауып, «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» сұрақтарын қойып, қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айта алады. Балалар сөздік қорларын қалыптастырып заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен танысады.
3	Көркем әдебиет	Балаларға басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауды үйрету. Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; Кейіпкерлермен тапақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциялы қабылдауды; Күтілетін нәтиже: Балалар түрлі көрнекі құралдармен сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдай алады, ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытып, ырғақты ойындарды қайталай алады.
4	Сенсорика	Балаларға қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік

		үйлесімділігін дамыту. түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру; берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті байланыс орната білу; Күтілетін нәтиже: Балалар қимылдардың үйлесімділігін қол бұлшық еттерінің көз бен қолдың сенсомоторлық кеністігін түсінеді, түрлі сенсорлық қасиеттерін байланыстыра отырып түсі, көлемі, мөлшері бойынша әр текті байланыс орната алады.
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: (қар, күннің салқындауы) Тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; Жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру, дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білу; Күтілетін нәтиже: Балалар табиғат құбылыстарына қызығушылық танытып табиғаттағы маусымдық өзгерістерді айта алады, жануарларға сипаттама бере алады.
6	Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау; Күтілетін нәтиже: Кеңістік қатынастарды түсініп, жеке жиһаз заттарды түрлі нұсқада құрастыра алады.
7	Сурет салу	дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. парақ бетіне бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстегі дақтарды үйлестіріп бейнелей білу; қағаз бетіне тура, көлденеңінен, тік және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу (шарлар, күннің көзі, балықтар және тағы басқа); Күтілетін нәтиже: Балалар парақ бетіне бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстегі дақтарды үйлестіре алады, дәстүрден тыс бағытта түрлі сурет сала алады.
8	Мүсіндеу	Қарапайым заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру шыны аяқ, табақты илеп жасауда саз кесегін саусақпен басып, тереңдету; Күтілетін нәтиже: Қарапайым заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыра алады.
9	Жапсыру	кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.. Күтілетін нәтиже: Балалар кескінді конструктивті тәсілмен жасап, ересектермен бірге түстерді тандай алады.
10	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту: Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларды музыкалық маракас дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра біледі, әнді көңілді, созып, ойнақы айтады, музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі, эмоционалды жеткізеді, маракас дыбысын танып біледі.


Жоспардың құрылу кезені: Ақпан айы 2024 жыл



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Күтілетін нәтиже: Балалар дене мүшелерінің дамытуға арналған жаттығуларды жасай алады, ересектердің бақылауымен ойын әрекеттерін орындайды.
2	Сөйлеуді дамыту	Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Сөздік қорды қалыптастыру Балалардың сөздік қорын үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларымен дамыту. Күтілетін нәтиже: Балалар сөздердің дұрыс айтып, зат есімдерді көпше түрде дұрыс қолданып, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіре алады. Балалар сөздік қорларын үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларымен дамытады.
3	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды; Күтілетін нәтиже: Балалар педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталап, ертегі, әңгіме, тақпақтарды тыңдай алады.
4	Сенсорика	Балаларға берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі бойынша

		әртекті заттарды салыстыру әртүрлі көлемдегі заттарды атауды үйрету. заттардың санын ажырату (біреу — көп); Күтілетін нәтиже: Балалар берілген заттарды 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты салыстыра отырып көлемі әр түрлі заттарды атай алады.
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалар жануарлардың дене бөліктерін ажыратады және атайды, олардың мінез-құлқына, сыртқы түріне назар аударады; аңдармен (аю, қасқыр, қоян) таныстыру. Күтілетін нәтиже:Балалар жануарлардың дене бөліктерін ажырата алады.
6	Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру; Күтілетін нәтиже: Балалар тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атай алады,құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолданады.
7	Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Бояулармен жұмыс жасау; Күтілетін нәтиже: Балалар ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықпен ережелерді дұрыс орындай алады.
8	Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу; кесектерді біріктіруге үйрету; Күтілетін нәтиже:Қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндей алады,заттардың ұқсастығын тауып кесектерді біріктіреді.
9	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру Күтілетін нәтиже: Фланелеграфта геометриялық фигураларды т.б, заттарды орналастыра алады.
10	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларды музыкалық барабан аспабының дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра біледі, аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтады, қазақ халқының би өнерімен таныс болып, барабан аспабының дыбысталуын танып біледі.


Жоспардың құрылу кезені: **Наурыз айы 2024 жыл**



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Дене шынықтыру	Еңбектеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.. Ұлттық ойындар Күтілетін нәтиже: Балалар еңбектеу тәсілінің түрлі жолдарын жасай алады, ұлттық ойындармен танысып ойнайды.
2	Сөйлеуді дамыту	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Балалар қазақтың ұлттық салт -дәстүрлерімен толықтай танысып, менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуді өз бетінше қолдана алады.
3	Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру Шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді; Мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауды; Күтілетін нәтиже: Таныс өлеңдерді оқыған кезде балалар бірге айтып, ойында кейіпкерлер бейнесін бейнелейді, мереке туралы қысқа тақпақтарды жаттай алады.
4	Сенсорика	Балаларға берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру әртүрлі көлемдегі заттарды атауды үйрету. Күтілетін нәтиже : Балалар берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып көлемі ,өлшемі бойынша заттарды салыстыра алады.

5	Қоршаған ортамен таныстыру	Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) үй құстарын таниды және атайды (тауық, қаз, үйрек),. Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқау біліктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Балалар жылы жақтан ұшып келен құстармен танысып ,үй құстарын танып атай алады.
6	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру (кию және жырту), қиылған кесектерде және жыртылған қағаздарда "бейнені" көру; Күтілетін нәтиже : Балалар өз беттерімен түрлі ғимараттар құрастыра алады,қағазбен жұмыс жасай алады.
7	Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Күтілетін нәтиже : Балалар қаламды үш саусақпен қатты қыспай ұстап суреттерді қағаз бетіне жеңіл жүргізе алады.
8	Мүсіндеу	Заттардың ұқсастықтарын табу. Күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру Арнайы тақтайша үстінде илеу; Қолды дымқыл шүберекпен сүрту; Күтілетін нәтиже :Балалар заттардың ұқсастықтарын табады ,күрделі пішінді заттарды мүсіндей алады.
9	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру түрлі пішіндерді біріктіру арқылы заттарды фланелеграфта орналастырады (жіпке байланған шар, үйшік); Күтілетін нәтиже: Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыра алады,түрлі пішіндерді біріктіру арқылы заттарды орналастыра біледі.
10	Музыка	Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Аспаптардың, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратып, атай біледі, әнді барлығымен бір қарқында таза, сөздерін анық айтады, музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындап, металлофонда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгереді.


Жоспардың құрылу кезені: **Сәуір айы 2024 жыл**



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Дене шынықтыру	Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Күтілетін нәтиже:Балалар секірудің барлық түрімен танысып,жалпы дамыту жаттығуларын жасай алады.
2	Сөйлеуді дамыту	Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), Балалардың сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) дамыту. Күтілетін нәтиже:Балалар тіл грамматикасының құрылымымен танысып ,сөздік қорларын еңбек әрекетімен дамытады.
3	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын ойнап көрсетуді; Күтілетін нәтиже:Балалар суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді, таныс шығармаларды ойнап көрсете алады.
4	Сенсорика	Балаларға берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, заттардың санын

		ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды үйрету. Күтілетін нәтиже: Балалар берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттерін байланыстыра алады.
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Үй жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота)танысу Күтілетін нәтиже: Балалар үй жануарлары жайлы түсініктерін қалыптастырып және олардың төлдерімен танысады.
6	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау Құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажырату; Көлік құралдарының, автомобиль бөліктерінің атауларын білу, Күтілетін нәтиже: Балалар құрылыс материалдарының негізгі пішінін ажыратып,көлік құралдарының автомобиль бөліктерін атай алады.
7	Сурет салу	Балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру; Бейнелеу өнері әрекетінің нәтижесіне қызығушылық танытуын қалыптастыру: балалардың жұмысын қарау және талдау, таныс заттар мен кейіпкерлерді табу Күтілетін нәтиже: Балалар бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтары артып таныс заттар мен кейіпкерлерді таба алады.
8	Мүсіндеу	Түрлі пішіндерді біріктіру әдісімен заттарды мүсіндеу; (саңырауқұлақ); Мүсінделген пішіндерді өзіне таныс заттармен салыстыру; Мүсіндеу кезінде техникалық дағдыларды білу және қолдану; Күтілетін нәтиже: Балалар түрлі пішіндерді біріктіру әдісімен заттарды мүсіндеп өзіне таныс заттармен салыстыра алады.
9	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды гүлдерді орналастыру Жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Балалар фланелеграфта гүлдерді орналастыра алады.
10	Музыка	Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту: Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдайды, әннің сипатын жеткізеді, билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындап, қимылдарды ойындарда қолдана біледі, металлофонда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгереді.

Жоспардың құрылу кезені: **Мамыр айы 2024 жыл**



	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Дене шынықтыру	Өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Күтілетін нәтиже:Балалар өрмелеу дағдыларын жасай алады,үш дөңгелекті велосипед отыра алады.
2	Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету Балалардың сөздік қорын көкөніс пен жеміс сөздері арқылы дамыту. Күтілетін нәтиже:Балалар ересектедің сөзіне түсініп,қарапайым сұрақтарға жауап беріп ,өз ойларын айта алды.
3	Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Таныс өлеңдерді асықпай, анық айтуды қалыптастыру. Күтілетін нәтиже:Балалар балаларға арналған шығармаларды қарап,суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады.
4	Сенсорика	Балаларға заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.

		Өртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішкентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже:Балалар заттардың түсі,көлемі,пішіні бойынша өз беттерінше зерттей алады.
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. Күтілетін нәтиже:Балалар өлі табиғат жөнінде түсінеді және эксперимент жасай алады.
6	Құрастыру	Қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою Балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру Күтілетін нәтиже: Балалар қарапайым құрылыстарды құрастыра алады.
7	Сурет салу	Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, Қағаз бетін бағдарлай білуге үйрету. Күтілетін нәтиже:Балалар қағазға ,құмға саусақпен сурет сала алады.
8	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, Дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинастыру Күтілетін нәтиже:Балалар мүсіндеуге арналған материалдарды қолданып,дайын жұмыстарын орналастыра алады.
9	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, үйлерді,шарларды, орналастыру Күтілетін нәтиже:Балалар фланелеграфта геометриялық фигураларды ,үйлерді,шарларды мүсіндей алады.
10	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Музыкалық аспапта ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын байқайды, аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтады, музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындайды, металлофонда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгереді.

